

**«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медицина
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «15» қаңтардағы
(№ 1 хаттама) шешімімен
«БЕКІТІЛДІ».**

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-
Сұлтан қаласындағы Өкілдігі туралы
ЕРЕЖЕ**

Ақтөбе қаласы, 2020 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Нақты Ереже «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-Сұлтан қаласындағы Өкілдігінің (бұдан әрі мәтін бойынша – «Өкілдік») қызметін реттейді.

2. Өкілдіктің толық және ресми атауы:

2.1. қазақ тілінде: «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-Сұлтан қаласындағы Өкілдігі»;

2.2. орыс тілінде: «Представительство некоммерческого акционерного общества «Западно-Казахстанский медицинский университет имени Марата Оспанова» в городе Нур-Султан».

3. Өкілдіктің қысқартылған атауы:

3.1. қазақ тілінде: «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ Нұр-Сұлтан қ. Өкілдігі»;

3.2. орыс тілінде; «Представительство НАО «ЗКМУ имени Марата Оспанова» в г. Нур-Султан».

4. Өкілдіктің орналасу орны: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Юго-восток солжағы тұрғын үй алабы, Сілеті көшесі, 30 ғимарат, 20 офис.

5. Өкілдік құрған заңды тұлғаның толық атауы: «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, (бұдан әрі – Университет), 05.03.2019 жылы Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Ақтөбе қаласы Астана ауданының Әділет басқармасында тіркелген, БСН 990 240 007 563.

6. Университеттің орналасу орны: Қазақстан Республикасы, 030019, Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 68.

2. Заңды мәртебесі

7. Өкілдік заңды тұлға болып табылмайды және оны құрған заңды тұлғаның мүлкін пайдаланады.

8. Өкілдік Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан, Университет мүдделерін қорғау және өкілдік етуді іске асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, оның атынан барлық құқықтық әрекеттерді жасайтын, Университеттің оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

3. Өкілдіктің қызмет мерзімі

9. Өкілдіктің қызмет мерзімі шектелмеген.

4. Қызметінің мәні

10. Университет қызметінің негізгі мәні жоғары білім беру, кең бейінді ауруханалардың, мамандандырылған ауруханалардың және стационарлары мен

жалпы дәрігерлік практикасы бар басқа емдеу мекемелерінің қызметі болып табылады.

11. Өкілдік қызметінің мәні Университеттің мүдделерін қорғау және өкілдік ету, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа, оның атынан мәмілелер және басқа да құқықтық әрекеттерді жасау болып табылады.

5. Өкілдікті басқару

12. Өкілдікті басқару Өкілдіктің Басшысымен іске асырылады.

13. Университет қарауына:

- 1) Өкілдік қызметін бақылау;
- 2) Өкілдік қызметіне басшылық ету;
- 3) Өкілдік туралы Ережені қабылдау және редакциясын өзгерту;
- 4) Өкілдіктің қызметін тоқтату туралы мәселені шешу;
- 5) Өкілдіктің Ішкі тәртіп қағидаларын бекіту жатады;

14. Университет Өкілдікке басшылық етуді Басқарма Төрағасы – Университеттің Ректоры тағайындайтын Өкілдіктің Басшысы арқылы іске асырады.

Өкілдіктің Басшысы өзінің қызметін Басқарма Төрағасы – Университеттің Ректоры беретін Бас сенімхаттың негізінде іске асырады. Бас сенімхатта Өкілдік Басшысы өкілеттіктерінің көлемі айқындалады.

6. Өкілдік Басшысының өкілеттіктері

15. Сенімхат бойынша осы Ережемен және Университеттің басқа шешімдерімен айқындалатын өкілеттіктер шектерінде Университеттің атынан әрекет етеді.

16. Университет бекіткен жоспарларға сәйкес Өкілдіктің қызметіне тікелей басшылықты іске асырады.

17. Өкілдік қызметінің мәні шеңберінде әрекеттер жасайды.

18. Өкілеттіктерінің шектерінде Өкілдіктің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

19. Университеттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін қажетті басқа да әрекеттерді орындайды. Өкілдік Басшысының өкілеттіктері шектеріндегі бұйрықтары мен өкімдері Өкілдіктің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

20. Өкілдік Басшысы Өкілдікке басшылық ету және оның ағымдағы қызметі үшін жауапкершілік артады.

7. Мүлкі

22. Өкілдіктің қызметін ұйымдастыру үшін Университет оған қажетті мүлік бөліп береді.

23. Өкілдіктің барлық мүлкі Университеттің меншігі болып табылады.

24. Университет Өкілдіктің қызметі үшін жауапкершілік артады.

8. Еңбек қатынастары



25. Өкілдік қызметкерлерінің еңбекақы мөлшері Университет белгілейтін еңбекақы қорына сәйкес қалыптастырылады және еңбек келісімшарттарының талаптарымен айқындалады.

26. Өкілдіктің барлық қызметкерлеріне еңбек және әлеуметтік кепілдіктер, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген еңбекті қорғау бойынша талаптар таралады.

9. Өкілдіктің қызметін тоқтату

27. Өкілдіктің қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі, оның ішінде, Университет мүлкінің меншік иесінің немесе Университеттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша.

10. Қорытынды ережелер

28. Нақты Ережені Университеттің Директорлар кеңесі бекітеді.

29. Нақты Ереже Қазақстан Республикасының уәкілетті органында есепті тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.


30. Нақты Ережеге толықтырулар мен өзгертулер Университеттің құрылтай құжаттарымен немесе Қазақстанның заңнамасымен қарастырылған тәртіпте енгізіледі.

31. Егер заңнаманың немесе заңнамалық актілердің өзгеруі нәтижесінде осы Ереженің жеке баптары олармен қайшылыққа түссе, мұндай баптар күшін жоғалтады және Ережеге өзгертулер енгізу кезіне дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.




32. Осы Ереженің әрекет етуі заңды тұлғаның немесе Өкілдіктің қызметін тоқтатуы жағдайында тоқтатылады.



Әзірлеген:

Р/б №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1.	Е.Ш. Жиеналин	Заң бөлімінің басшысы		30.12.2019

Келісілді:

Р/б №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1.	Б.С. Жаманқұлов	Атқарушы директор, Басқарма мүшесі		30.12.19.
2.	Д.Д. Нұранова	Адами ресурстарды басқару департаментінің басшысы		30.12.19
3.	Е.Б. Иманғалиев	Экономика және жоспарлау департаментінің басшысы		30.12.19.